КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 маусым Іс №7119-25-00-2/5972 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Center Qazaq International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Center Qazaq International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Center Qazaq International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Center Qazaq International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 24.06.2025

Дата вступления в законную силу: 09.07.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 30.07.2025

7119-25-3-1/5808